

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ

2021 жыл, бірінші жартыжылдық



Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМК ШҚО
филиалы

	МАЗМҰНЫ	Бет
	Кіріспе	3
1	Атмосфералық ауаныластаудың негізгі көздері	4
2	Атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	4
3	Жер үсті сулары сапасының жай-күйі	15
4	Гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жер үсті сулары сапасының жай-күйі	17
5	Алакөл көлі бассейнінің түптік шөгінділерінің мониторинг нәтижелері	19
6	2021 жылғы 1 - жарты жылдығы бойынша Алакөл көлі бассейнінің топырақ сынамаларындағы ауыр металдардың ластану жай күйі	19
7	Радиациялық жағдай	19
	Қосымша 1	20
	Қосымша 2	22
	Қосымша 3	29
	Қосымша 4	30
	Қосымша 5	33
	Қосымша 6	34
	Қосымша 7	34
	Қосымша 8	34

Кіріспе

Ақпараттық бюллетень Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісінде қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу бойынша «Қазгидромет» РМК мамандандырылған бөлімшелері орындайтын жұмыстардың нәтижелері бойынша дайындалған.

Бюллетень ШҚО (Өскемен қ., Риддер қ., Семей қ., Алтай қ. және Глубокое кенті) аумағындағы қоршаған ортаның жағдайы туралы мемлекеттік органдарды, жұртшылықты және халықты ақпараттандыруға арналған және ластану деңгейінде болып жатқан өзгерістер үрдісін ескере отырып, ҚР Қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау үшін қажет.

Шығыс Қазақстан облысының атмосфералық ауа сапасын бағалау

1. Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері

«ШҚО бойынша экология департаменті» РММ деректеріне сәйкес облыс бойынша қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын 788 кәсіпорын жұмыс істейді. Тұрақты көздерден ластаушы заттардың нақты жиынтық шығарындылары 130,89 мың тоннаны құрайды, оның ішінде 1 – санаттағы объектілер бойынша – 76,95 мың тонна, қалған санаттар бойынша – 53,94 мың тонна.

2. Өскемен қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Өскемен қаласының аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 7 бақылау бекетінде, оның ішінде 5 сынаманы қолмен іріктеу бекетінде және 2 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 22 көрсеткіш анықталады:

1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері; 3) РМ-10 қалқыма бөлшектері; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) фенол; 9) күкіртті сутегі; 10) фторлы сутегі; 11) бенз(а)пирен; 12) хлорлы сутегі; 13) формальдегид; 14) хлор; 15) күкірт қышқылы және сульфаттар; 16) қорғасын; 17) мырыш; 18) кадмий; 19) мыс; 20) бериллий; 21) озон; 22) аммиак.

1-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

Кесте 1

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекенжайы	Анықталатын қоспалар
1	сынама алу тәулігіне 4 рет	Рабочая к., 6	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутек, фенол, фторлы сутек, хлорлы сутек, формальдегид, күкірт қышқылы, бериллий, кадмий, мыс, қорғасын, мырыш, бенз(а)пирен
5		Қ. Қайсенов к., 30	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутек, фенол, фторлы сутек, хлор, хлорлы сутек, формальдегид, күкірт қышқылы, бериллий, кадмий, мыс, қорғасын, мырыш, бенз(а)пирен
7		М. Тынышпаев к., 126	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутек, фенол, фторлы сутек, хлор, хлорлы сутек, формальдегид, күкірт қышқылы, бериллий, кадмий, мыс, қорғасын, мырыш, бенз(а)пирен
8		Егоров к., 6	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутек, фенол, фторлы сутек, хлорлы сутек, формальдегид, күкірт қышқылы, бериллий, кадмий, мыс, қорғасын, мырыш, бенз(а)пирен
12		Қ. Сәтпаев д., 12	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутек, фенол, фторлы сутек, хлорлы сутек, формальдегид, күкірт қышқылы, бериллий,

			кадмий,мыс, қорғасын, мырыш, бенз(а)пирен
2	тәулік бойы 20 минут аралықта онлайн режимде	Лев Толстой к., 18	қалқыма бөлшектер РМ-2,5, қалқыма бөлшектер РМ-10, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртті сутек, озон (жербеті), аммиак
3		Шәкәрім даңғ., 79	
ПА34686 208*	тәулік бойы 40 минут аралықта онлайн режимде	Рабочая к., 6	қалқыма бөлшектер РМ-2,5, қалқыма бөлшектер РМ-10
ПА37436 317*		Қ. Қайсенов к., 30	
ПА37647 376*		М. Тынышпаев к., 126	
ПА35137 762*		Егоров к., 6	
ПА37984 131*		Қ. Сәтпаевдаңғ., 12	

*Эко-белсенді Павел Александровтың автоматты датчиктері қолмен іріктеу бекеттерінде орнатылған.

2021 жылғы бірінші жартыжылдықтағы Өскемен қаласында атмосфералық ауа сапасына жүргізілген мониторингтің нәтижелері

Өскемен қаласының бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** деп бағаланды, ол №3 бекет (Шәкәрім даңғ., 79) ауданында күкірт диоксиді бойынша СИ=9,9 (жоғары деңгей) және №3 бекет (Шәкәрім даңғылы, 79) ауданында РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша ЕЖҚ=8% (көтеріңкі деңгей) мәндерімен анықталады.

Максималды бір реттік шоғырлары: қалқыма бөлшектер (шаң) – 2,3 ШЖШ_{м.б.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 5,5 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 2,9 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 9,9 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,3 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 3,7 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 5,1 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, хлорлы сутегі – 1,3 ШЖШ_{м.б.} фторлы сутегі – 1,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттар бойынша ШЖШ-дан асып кету байқалмады.

Орташа тәуліктік нормативтер бойынша асу күкірт диоксидінен – 1,7 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксидінен – 1,1 ШЖШ_{о.т.}, озоннан – 1,9 ШЖШ_{о.т.} байқалды, басқа ластанушы заттар бойынша ШЖШ-дан асып кету байқалмады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) байқалған жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2


Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр	Ең жоғары бір реттік шоғыр	ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны
-------	--------------	----------------------------	-----	-----------------------------

	мг/м ³	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б.} асу еселігі	%	> ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
Өскемен қ.								
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,089	0,6	1,142	2,3	5,7	49		
PM-2,5 қалқыма бөлшектері	0,033	0,9	0,876	5,5	8,2	1267	1	
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,035	0,6	0,881	2,9	3,1	468		
Күкірт диоксиді	0,085	1,7	4,950	9,9	3,4	584	44	
Көміртегі оксиді	0,729	0,2	11,27 5	2,3	1,9	255		
Азот диоксиді	0,043	1,1	0,289	1,4	1,9	45		
Азот оксиді	0,006	0,10	1,475	3,7	0,02	2		
Озон	0,056	1,9	0,126	0,8				
Күкіртті сутегі	0,002		0,041	5,1	3,6	676	3	
Фенол	0,002	0,6	0,016	1,6	0,3	4		
Фторлы сутек	0,004	0,7	0,025	1,3	0,2	3		
Хлор	0,009	0,3	0,09	0,9				
Хлорлы сутек	0,047	0,5	0,26	1,3	0,2	1		
Аммиак	0,003	0,1	0,062	0,3				
Күкірт қышқылы	0,009	0,1	0,22	0,7				
Формальдегид	0,003	0,3	0,011	0,2				
Бенз(а)пирен	0,0006	0,6						
Қорғасын	0,000141	0,5						
Мыс	0,000019	0,01						
Бериллий	0,0000000 70	0,01						
Кадмий	0,000025	0,1						
Мырыш	0,000502	0,01						

Қорытындылар:

Соңғы бес жыл ішінде бірінші жартыжылдықта ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, бірінші жартыжылдықта ластану деңгейі соңғы бес жылда төмендеу үрдісі байқалады және 2021 жылы жоғары болып табылады. 2020 жылдың бірінші жартыжылдықпен салыстырғанда Өскемен қаласының ауа сапасы өзгерген жоқ.

PM-2,5 қалқыма бөлшектерден (1267), күкіртті сутек (676), күкірт диоксиді (584), PM-10 қалқыма бөлшектерден (468) және көміртегі оксидінен (255) бойынша ең жоғары-бір реттік ШЖШ артуының ең көп саны белгіленді.

Орташа тәуліктік шоғырлану нормативтерінің асып кетуі күкірт диоксиді, азот диоксиді байқалды, **бәрінен көп озон бойынша байқалды.**

Бірінші жартыжылдықта ауа-райының тұрақсыз сипаты басым болды. Өскемен қаласында ҚМЖ дауылды ескертуі 2-9, 14-16, 30-31 қаңтарда, 13 ақпаннан 14 ақпанға, 14 наурыздан 15 наурызға берілді. Ауа райы жауын-шашынсыз және 0-4 м/с желмен 29 қаңтарда, 7, 14, 15, 30, 31 наурызда, 1-2, 8, 10-11, 15-16, 25 сәуірде, 3, 5-6, 9, 15-16, 19, 26, 30-31 мамырда, 1, 6, 15-16 маусымда байқалды. Мамыр-маусым айларында аз жаңбыр, күн күркіреп, кейбір күндері желдің екпіні 15-24 м/с жел байқалды.

Кесте 3

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.г.} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б.} асу еселігі	> ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
PM-2,5 қалқыма бөлшектері	0,041	1,2	0,892	5,6	778	2	
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,044	0,7	1,082	3,6	315		

ПА бақылау датчиктерінің деректері бойынша (3-кесте) қаланың атмосфералық ауасының *ластану деңгейі жоғары* болып бағаланды, ол

№37647376 (М.Тынышпаев көшесі, 126) бекетінің ауданында РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің шоғыры бойынша СИ=5,6 (жоғары деңгей) және ЕЖҚ=8% (жоғары деңгей) мәндерімен айқындалды.

2.1 Риддер қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Риддер қаласының аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 3 бақылау бекетінде, оның ішінде 2 сынаманы қолмен іріктеу бекетінде және 1 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 9 көрсеткіш анықталады:

1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) РМ-10 қалқыма бөлшектері; 3) күкірт диоксиді; 4) көміртегі оксиді; 5) азот диоксиді; 6) азот оксиді; 7) фенол; 8) күкіртті сутегі; 9) формальдегид

4-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

Кесте 4

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекенжайы	Анықталатын қоспалар
1	сынама алу тәулігіне 3 рет	Островского к., 13А	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
6		В.Клинка к., 7	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
3	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде	Семипалатинская к., 9	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді және оксиді, күкіртті сутегі

2021 жылғы бірінші жартыжылдықтағы Риддер қаласында атмосфералық ауа сапасына мониторинг нәтижелері

Риддер қаласының бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі *көтеріңкі* деп бағаланды, ол №3 бекет ауданында (Семипалатинская көшесі, 9) күкіртті сутегі бойынша СИ=2,6 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=0% (көтеріңкі деңгей) мәндерімен анықталады.

Максималды бір реттік шоғырлары: РМ-10 қалқыма бөлшектер – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 2,6 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 1,6 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттар бойынша ШЖШ-дан асып кету байқалмады.

Орташа тәуліктік нормативтер бойынша асу күкірт диоксидінен – 1,0 ШЖШ_{о.т.} байқалды, басқа ластаушы заттар бойынша ШЖШ-дан асып кету байқалмады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) байқалған жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 5-кестеде көрсетілген.


Кесте5

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖҚ %	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б} асу еселігі		>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
Риддер қ.								
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,073	0,5	0,3	0,6				
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,025	0,4	0,417	1,4	0,02	3		
Күкірт диоксиді	0,050	1,0	1,308	2,6	0,3	33		
Көміртегі оксиді	0,721	0,2	5,723	1,1	0,01	1		
Азот диоксиді	0,034	0,9	0,150	0,8				
Азот оксиді	0,003	0,1	0,276	0,7				
Күкіртті сутегі	0,004		0,013	1,6	0,3	43		
Фенол	0,002	0,6	0,009	0,9				
Формальдегид	0,003	0,3	0,012	0,2				

Қорытындылар:

Соңғы бес жыл ішінде бірінші жартыжылдықта ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, бірінші жартыжылдықта соңғы бес жыл ішінде төмендеу үрдісі байқалады және 2021 жылы көтеріңкі болып табылады. 2020 жылғы бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда Риддер қаласының ауа сапасы өзгермеді.

Ең жоғары бір реттік ШЖШ артуының ең көп саны күкірт диоксиді (33) және күкіртті сутегі (43) бойынша байқалды.

Орташа тәуліктік шоғырлану нормативтерінің асып кетуі **күкірт диоксиді** бойынша байқалды.

Риддер қаласында ҚМЖ дауылды ескертуі 2-9, 14-16, 30-31 қаңтарда, ақпанда – 13-14 ақпанда, 14-15 наурызда берілді. Сәуір-маусым айларында ауа райы аз және орташа жауын-шашынмен болды. Желдің орташа жылдамдығы 5-10 м/с болды.

2.2 Семей қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Семей қаласының аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 4 бақылау бекетінде, оның ішінде 2 сынаманы қолмен іріктеу бекетінде және 2 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 7 көрсеткіш анықталады: 1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) РМ-10 қалқыма бөлшектері; 3) күкірт диоксиді; 4) көміртегі оксиді; 5) азот диоксиді; 6) азот оксиді; 7) күкіртті сутегі.

5-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

Кесте 5

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекенжайы	Анықталатын қоспалар
2	сынама алу тәулігіне 3 рет	Рыскулов к., 27	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
4		343 квартал к., 13/2	
1	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде	Найманбаев к., 189	РМ-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді және оксиді, көміртегі оксиді, күкірт диоксиді, күкіртті сутегі
3		Аэрологическая станция к., 1	

2021 жылғы бірінші жартыжылдығында Семей қаласында атмосфералық ауа сапасына мониторинг нәтижелері

Семей қаласының бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол №3 бекет ауданында (Аэрологическая станция к-сі, 1) күкіртті сутегі бойынша СИ=1,0 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен айқындалды.

Ең жоғары бір реттік концентрация: күкірт диоксиді – 1,0 ПДК_{м.р.}, көміртегі оксиді – 1,3 ПДК_{м.р.}, азот диоксиді – 1,3 ПДК_{м.р.}, күкіртті сутек – 1,3 ПДК_{м.р.} құрады, басқа лаस्ताушы заттардан ШЖШ-дан асу байқалмады.

Орташа тәуліктік концентрациясы ШЖШ-дан асу байқалмады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) байқалған жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 7-кестеде көрсетілген.

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖҚ %	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б} асу еселігі		>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
Семей қ.								
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,093	0,6	0,2	0,4				
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,014	0,2	0,198	0,7				
Күкірт диоксиді	0,033	0,7	0,500	1,0				
Көміртегі окисді	0,437	0,1	4,986	1,0				
Азот диоксиді	0,011	0,3	0,200	1,0				
Азот окисді	0,004	0,1	0,169	0,4				
Күкіртті сутегі	0,003		0,010	1,3	0,02	2		

Қорытындылар:

Соңғы бес жыл ішінде бірінші жартыжылдықта ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, бірінші жартыжылдықтағы ластану деңгейі соңғы бес жылда өзгеріп және 2021 жылы төмен боп бағаланады. 2020 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда Семей қаласының ауа сапасы жақсарды.

Ең жоғары бір реттік шоғырланулары күкіртті сутек (2) бойынша байқалды. Орташа тәуліктік шоғырланулары бойынша ШЖШ-дан асып кету байқалған жоқ.

Семей қаласы бойынша дабылды ескерту 3-9, 14-16 қаңтарда, 13 ақпаннан 14 ақпанға, 14 наурыздан 15 наурызға берілді. Ауа райы жауын-шашынсыз және 0-4 м/с желмен 11-14 ақпан аралығында, 15, 16, 30 наурызда, 4, 7 сәуірде, 3, 5-6, 9, 15, 17, 31 мамырда, 1-2, 7-8, 13, 26-28 маусымда байқалды.

2.3 Глубокое кентінде атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Глубокое кентінің аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 2 бақылау бекетінде, оның ішінде 1 сынама алу қолмен іріктеу бекетінде және 1 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы кент бойынша 8 көрсеткіш анықталады: 1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) РМ-10 қалқыма бөлшектері; 3) күкірт диоксиді; 4) көміртегі оксиді; 5) азот диоксиді; 6) азот оксиді; 7) күкіртті сутек; 8) фенол

8-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

Кесте 8

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекенжайы	Анықталатын қоспалар
1	сынама алу тәулігіне 3 рет	Ленин к., 15	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, азот диоксиді, фенол, гамма-фон
2	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде	Попович к., 11А	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі

2021 жылғы бірінші жартыжылдықтағы Глубокое кентінде атмосфералық ауа сапасына мониторинг нәтижелері

Глубокое кентінің бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі *көтеріңкі* деп бағаланды, ол №1 (Попович к-сі, 11а) бекет ауданындағы күкірт диоксиді бойынша СИ=2,5 (көтеріңкі деңгей) және №1 бекет ауданындағы (Попович к-сі, 11А) азот диоксиді бойынша ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) мәндерімен анықталады.

Максималды бір реттік шоғырлары: қалқыма бөлшектер - 1,0 ШЖШ_{м.б.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері -1,6 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері -1,6 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,5 ШЖШ_{м.б.} күкіртті сутегі – 1,7 ШЖШ_{м.б.} құрады, ШЖШ_{м.б.} асып кетудің басқа көрсеткіштері бойынша байқалмады.

Орташа тәуліктік нормативтер бойынша асып кетуі: күкірт диоксиді және азот диоксиді - 1,1 ШЖШ_{о.т.} бойынша байқалды, ШЖШ_{о.т.} асып кетудің басқа көрсеткіштері бойынша байқалмады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) байқалған жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 9-кестеде көрсетілген.


Кесте 9

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖҚ %	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б} асу еселігі		>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
Глубокое кенті								
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,041	0,3	0,500	1,0				
PM-2,5 қалқыма бөлшектері	0,020	0,6	0,254	1,6	0,2	29		
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,030	0,5	0,473	1,6	0,04	5		
Күкірт диоксиді	0,054	1,1	1,012	2,0	0,2	23		
Көміртегі оксиді	0,623	0,2	7,561	1,5	0,2	21		
Азот диоксиді	0,043	1,1	0,507	2,5	1,0	133		
Азот оксиді	0,023	0,4	0,312	0,8				
Күкіртті сутегі	0,004		0,014	1,7	0,2	23		
Фенол	0,424	0,1	4,000	0,8				

Қорытындылар:

Соңғы бес жыл ішінде бірінші жартыжылдықта ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, бірінші жартыжылдықтағы ластану деңгейі соңғы бес жылда төмендеу үрдісі байқалынады және 2020-2021 жылдары көтеріңкі болып бағаланды. 2020 жылғы бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда Глубокое кентінің ауа сапасы өзгермеді.

Ең жоғары бір реттік ШЖШ артуының ең көп саны PM-2,5 қалқыма бөлшектері (29), азот диоксиді (133), көміртегі оксиді (21) және күкірт диоксиді (23) бойынша байқалды.

Орташа тәуліктік шоғырлану нормативтерінің асып кетуі күкірт диоксиді және азот диоксиді бойынша байқалды.

Глубокое кентінде тұрақсыз ауа райы байқалды, аздаған және орташа жауын-шашын, 3м/с дейін бірқалыпты және екпінді желдер болды.

2.4 Алтай қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Алтай қаласы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 5 көрсеткіш анықталады: 1) РМ-10 қалқыма бөлшектері; 2) күкірт диоксиді; 3) көміртегі оксиді; 4) азот диоксиді; 5) азот оксиді.

10-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

Кесте 10

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекенжайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде	Астана к., 78	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді және оксиді

2021 жылғы бірінші жартыжылдықтағы Алтай қаласында атмосфералық ауа сапасына мониторинг нәтижелері

Алтай қаласының бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі *төмен* деп бағаланды, ол №1 бекет ауданында (Астана к., 78) азот диоксиді бойынша СИ=1,1 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталады.

Ең жоғары бір реттік шоғырлары азот диоксиді – 1,1 ШЖШ_{м.б.} байқалды, басқа ластаушы заттардан ШЖШ_{м.б.} -дан асу байқалмады.

Орташа тәуліктік концентрациясы ШЖШ-дан аспады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) байқалған жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 11-кестеде көрсетілген.

Кесте 11

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б} асу еселігі		>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
					%			

Алтай қ.								
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,002	0,03	0,165	0,6				
Күкірт диоксиді	0,003	0,05	0,069	0,1				
Көміртегі оксиді	0,243	0,1	2,072	0,4				
Азот диоксиді	0,013	0,3	0,215	1,1	0,1	6		
Азот оксиді	0,010	0,2	0,277	0,7				

Қорытындылар:

Соңғы бес жыл ішінде бірінші жартыжылдықтағы ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, бірінші жартыжылдықтағы ластану деңгейі соңғы бес жылда өзгерген жоқ және төмен.

Ең жоғары бір реттік ШЖШ артуының ең көп саны азот диоксиді (6) бойынша байқалды.

Орташа тәуліктік шоғырлану нормативтерінің асып кету байқалмады.

Алтай қаласында аталған кезеңде желдің жылдамдығы 3-11 м/с көбірек байқалды.

3. Жер үсті сулар сапасының мониторингі

Шығыс Қазақстан облысы бойынша жер үсті суларының сапасына бақылау 15 су объектісінің (Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Еміл, Аягөз, Үржар өзендері және Алакөл, Зайсан көлдерінде және Бұқтырма, Өскемен су қоймаларында) 45 тұстамасында жүргізілді.

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының **48** физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: температура, қалқыма заттар, түсі, мөлдірлігі, сутегі көрсеткіші (рН), еріген оттегі, ОБТ5, ОХТ, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар.

Шығыс Қазақстан облысы аумағында **гидробиологиялық көрсеткіштер** бойынша жер үсті суларының су сапасы мониторингі **11** су объектісінде (Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Тихая, Оба, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Еміл өзендері және Бұқтырма, Өскемен су қоймаларында) **39** тұстамада жүргізілді. Зерттелетін объектідегі судың өткір уыттылығын анықтауға арналған 39 сынама талданды, макрозообентос көрсеткіші бойынша 26 сынама, перифитон бойынша 26 сынама және зоопланктон мен фитопланктон көрсеткіштері бойынша бір-бір сынама талданды.

Төменгі шөгінділер мен жағалаудағы топырақ сапасының мониторингі Үржар өзені мен Алакөл көлінің 2 бақылау тұстамасында жүргізілді.

Түптік шөгінділер мен жағалаулық топырақ сынамаларында ауыр металдар иондарының (күшән, қорғасын, кадмий, марганец) формасы қышқылда еритін (жалпы), сондай-ақ жылжымалы формалардың (мыс, мырыш, хром) құрамы талданады.

Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының мониторингі нәтижелері

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Су объектілерінде судың сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі» (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

Кесте 12

Су объектісінің атауы	Су сапасының класы		Көрсеткіштер	Өлшем бірлік	Концентрация
	1 жарты жылдық 2020ж.	1 жарты жылдық 2021ж.			
Қара Ертіс өз.	1-класс*	1-класс*			
Ертіс өз.	4-класс	2-класс	Марганец	мг/дм ³	0,011
Бұқтырма өз.	2-класс	2-класс	Марганец	мг/дм ³	0,017
Брекса өз.	нормаланбайды (>5 класс)	2-класс	Жалпы темір	мг/дм ³	0,23
			Марганец	мг/дм ³	0,040
Тихая өз.	нормаланбайды (>5 класс)	3-класс	Аммоний ионы	мг/дм ³	0,86
			Кадмий	мг/дм ³	0,0013
Үлбі өз.	4-класс	3-класс	Кадмий	мг/дм ³	0,0013
Глубочанка өз.	5-класс	3-класс	Магний	мг/дм ³	26,5
Красноярка өз.	нормаланбайды (>5 класс)	3-класс	Магний	мг/дм ³	23,6
			Кадмий	мг/дм ³	0,0012
Оба өз.	нормаланбайды (>5 класс)	2-класс	Марганец	мг/дм ³	0,021
Еміл өз.	4-класс	4-класс	Магний	мг/дм ³	32,4
Аягөз өз.	Нормаланбайды	Нормаланбайды	Қалқыма заттар	мг/дм ³	20,7

	(>5класс)	(>5класс)			
Үржар өз.	4-класс	1 –класс*			
Бұқтырма су қоймасы	Нормаланбайды (>5класс)	4-класс	Қалқыма заттар	мг/дм ³	10,0
Өскемен су қоймасы	4-класс	1-класс			

Кестеде көрсетілгендей, 2020 жылдың 1 жарты жылдығымен салыстырғанда Қара Ертіс, Бұқтырма, Еміл, Аягөз өзендерінің және Бұқтырма су қоймасының су сапасы - айтарлықтай өзгермеді; Ертіс өзені 4 кластан 2 класқа, Оба >5 кластан 2 класқа, Глубочанка 4 кластан 3 класқа, Брекса >5 кластан 2 класқа, Тихая, Красноярка өзендері 5 кластан 3 класқа, Үржар өзені 4 кластан 1 класқа және Өскемен су қоймасы 5 кластан 1 класқа су сапалары– жақсарды, Үлбі өзені 2 кластан 3 класқа су сапасы – нашарлады.

Шығыс Қазақстан облысындағы су объектілеріндегі негізгі ластаушы заттар марганец, қалқыма заттар, жалпы темір, кадмий, магний болып табылады.

Осы көрсеткіштер бойынша сапа нормативтерінің асып кетуі негізінен технологиялық өндірістік шығарындылармен, сондай-ақ осы аймаққа тән топырақ құрамының әсерімен байланысты.

2021 ж. 1 жарты жылдығында Шығыс Қазақстан облысы аумағында келесі ЖЛ жағдайлары тіркелді: Брекса өз. – 4 ЖЛ, Тихая өз. – 2 ЖЛ, Үлбі өз. – 5 ЖЛ, Глубочанка өз. -4 ЖЛ, Красноярка өз. – 2 ЖЛ жағдайылары. Марганец, жалпы темір бойынша ЖЛ жағдайлары тіркелді.

Су объектілерінің тұстамалар шегіндегі су сапасы бойынша ақпарат 2 Қосымшада көрсетілген.

Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы көлдердің жер үсті сулары сапасының нәтижелері туралы ақпарат 3-қосымшада көрсетілген.

4. Гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жер үсті суларының жай-күйі

Биотестілеу нәтижелері бойынша (судың уыттылығын анықтау) 2021 ж. 6 айынада жоғарғы Ертіс алабы ағын суларының суы токсикологиялық көрсеткіштер бойынша бірыңғай емес.

Қара Ертіс, Еміл, Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Тихая, Үлбі (Өскемен қ.), Глубочанка «Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидрокұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау», «Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау», Красноярка өз. «Алтайский а. Алтайский а. шегінде гидрокұрылғылардан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өз. сағасынан 24 км жоғары; (09) оң жағалау» және Оба өзендерінен алынған су сынамалары тірі ағзаларға өткір уытты әсер еткен жоқ. Жоғарыда аталған өзендердің бақылау бекеттерінде сынақ объектілерінің 6 айдағы орташа өлімі 3,3% -дан 46,7% -ға дейін өзгерді. Маусым айында Бұқтырма және Өскемен су қоймаларында бақылауға қатысты өлген дафнияның пайызы (тест-параметр) 3,3-6,7% шегінде құрады.

2021 жылдың 6 айында өткір уыттылық келесі өзен бекеттерінде байқалды:

Қаңтар айында сыналатын объектілерде судың өткір уыттылығы байқалмады;

- ақпан айында Үлбі өз. Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары; Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау»;

- ақпан айында Глубочанка өз. «Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау»;

- ақпан айында Красноярка өз. «Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау»;

- ақпан мен наурыз айында Үлбі өз. «Риддер қ. Тишинск кенішінен 7,0 км төмен; Громатуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау»;

- наурыз, сәуір, мамыр, маусым айларында Глубочанка өз. «Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау»;

- сәуір, мамыр айларында Глубочанка өз. «Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау»;

- мамыр айында Красноярка өз. «Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау» .

Перифитонның даму көрсеткіштері бойынша *«таза сулар»* санатына Бұқтырма өз. «Алтай қ. Лесная пристань а. шегінде; Хамир ө. құйылысынан 0,1 км төмен; (01) сол жағалау» тұстамасы жатқызылды, сапробты индекс 1,33, су сапасының II класына сәйкес. Қалған өзендер тұстамалары *«орташа ластанған»* сулар санатына жатқызылды. Сапробты индекс көрсеткіші 1,56-2,24 аралығында болды, су сапасының III класына сәйкес. Түрлердің кездесу жиілігі 1-5 балл аралығында болды, түрлердің саны маусым айында артты. .

Макрозообентос көрсеткіштері бойынша *«таза сулар»* санатына Қара Ертіс өз. БИ=7, Бұқтырма өз. БИ=8-7, Ертіс өз. «Өскемен қ. Прапорщиково а. шегінде; Бражий бұлағының құйылысынан 15 км төмен; (09) оң жағалау» БИ=7, Оба өз. «Шемонаиха қ. Камышенка а. шегінде; Таловка өз. құйылысынан 4,1 км төмен; (09) оң жағалау» БИ=7, су сапасының II класына сәйкес.

